

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 538 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен нөсерлі жауынның және сел тасқынының салдарынан зардап шеккен шаруашылық қызмет пен инфрақұрылым объектілерін жөндеу-қалпына келтірудің тиісті жұмыстарын жүргізуге 300 (үш жүз) миллион теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамаға сәйкес бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі:

1) заңнамаға сәйкес төтенше жағдай туындауы салдарынан зардап шеккен халыққа материалдық көмек көрсетсін;

2) 2003 жылдың қорытындысы бойынша орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне есепті ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі